

Садықова Раиса Төлеуқызының 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

XX ғасырдың басында қазақтың рухани-мәдени орталығы болған, Семейдің әдеби ортасын біріктірген азаттық идеясының тарихи негізі отаршылдық езгі мен азаттық күрес тарихы болды. Ал оның әдеби өзегі төл әдебиетіміз, ең бастысы - Абайдың үлгісі, Абайдың сөзі болды. «Абай идеясы - қазақтың идеясы» деп Алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан ерекше атап өткендей, Абай Алаш арыстарының негізі, үлгі тұтар тұлғасы болды.

Абай салған ағартушылық жолмен жүрген XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіміз ұлттық идеялармен толықты. Оқыған қазақ зиялылары оқу, ағарту ісімен ғана айналысып қоймай, саясатпен де араласып, өз еліне адал қызмет етті. Олар ғалым да, қайраткер де, ұстаз да болды. Қоғамның барлық саласында жүрген азаматтар ел қамы үшін қызмет атқарды.

Зиялы қауымның қызметтері, әсіресе саяси қызметтері орыс төңкерісі мен кейінгі жылдары отаршыл билікке петиция ұйымдастырумен байланысты болды. Олар қазақ халқының негізгі қажеттіліктерін білдірді, әр түрлі оқиғаларға, саяси партиялар құруға, ұлттық басылымдар шығаруға белсенді қатысты.

Осылайша, XX ғасырдың басында азаттық рухында семейлік әдеби орта шығарған «Сарыарқа» газеті Алашорда үкіметінің ресми органы болып табылды. «Сарыарқа» газетінің шығарылуына басшылық жасап, оның өркендеуіне өз үлесін қосқан Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлы болды.

Зерттеудің мақсаты. Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси және публицистикалық қызметін зерттей отырып, Алаш қозғалысының өкілдері мен көшбасшыларының қазақ қоғамындағы ұлттық бірлікті қалыптастыру және нығайту жөніндегі публицистикасының өзекті идеяларын айқындау, олардың қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық принциптерімен үндестігін айқындай отырып, келесідей **міндеттерді** алдымызға қойдық:

- Алаш қозғалысының рухани бастауларын қалыптастырып, қазақ қоғамында азаттық идеяларының пайда болуындағы халықтың азаматтық сана-сезімін оятуға және Алаш көшбасшылары тұлғасында саяси қозғалысты жандандыруға ықпал еткен ағарту және білім беру арқылы халықты жетілдіру жолдарын іздеудегі Абай әдеби ортасының рөлін айқындау;

- Халел Ғаббасұлы ғұмырбаянының белгісіз беттерін зерттеп, айқындау;

- қайраткердің күрескерлік өмірі мен идеялық ұстанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарған өмірлік деректерді зерттеу;

- қайраткер көсемсөзшінің жеке ғұмыры мен қоғамдық-саяси қызметінің Семейлік кезеңін жан-жақты қарастыру;

- Халел Ғаббасұлының өмірі мен қызметіне, ол араласқан Алаш арыстары мен ұлт зиялыларына қатысты деректерді, мұрағат материалдарын өзара салыстыру, талдау, тұжырымды пікірлерді көрсету;

- Қазіргі алаштанудың теориялық-әдіснамалық базасы негізінде Халел Ғаббасұлының өз заманының өзекті мәселелері (жер, тіл, дін және т.б.) туралы көсемсөзінің идеялық тұжырымдамаларының мәнін талдау және ашу;

- Халел Ғаббасұлының Алаш азаттығы жолындағы күрескерлік қызметі мен әдеби көсемсөздік мұрасының ұлт тарихы мен әдебиетіндегі алар орнын дәйектеу.

Зерттеудің әдістері. Диссертациялық еңбекті жазу барысында салыстырмалы талдау, жалпылама талдау, тарихи-типологиялық, бейнелі-ассоциативті, құрылымдық, мәдени-тарихи, биографиялық және психоаналитикалық әдістер пайдаланылды.

Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жана білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.

Бұл зерттеу еңбегінде Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік еңбектері негізінде Алаш қозғалысы көшбасшыларының демократиялық принциптері мен көсемсөз ережелерін жүзеге асыру ерекшеліктері қарастырылды. Ұлттық баспасөзді қалыптастырып, дамытқан, ғасыр басында еліміздің мемлекетшіл арқауын жалғаған Алашорда үкіметінің саяси үні, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің рухани бесігі – Семейдің әдеби ортасында туған мерзімді басылымдар екені дәлелденді. Зерттеу барысында ХХ ғасыр басындағы ұлт тағдырына қатысты өзекті мәселелер мен көкейкесті тақырыптар айқындалып:

1. Абайдың ағартушылық, гуманистік тағылымы – Алаш арыстарының рухани іргетасы, идеялық темірқазығы екендігі дәлелденді;

2. Ұлт зиялылары мен Алаш арыстарының семейлік әдеби ортаға топтасуының объективтік себебі Семей қаласының экономикалық, әкімшілік орталық болуы болса, субъективтік себебі – ұлттық мәдени-рухани тұлғалардың шоғырлануы болғанына назар аудартылды;

3. Халел Ғаббасұлының семейлік әдеби ортада атқарған қоғамдық-саяси, қайраткерлік еңбектері – ұлтқа қызмет етудің тұлғалық үлгісі, тарихи өнегесі тұңғыш рет ғылыми-теориялық тұрғыда зерттелді;

4. Халел Ғаббасұлы ұлт баспасөзінің дарынды басшысы, ұйымдастырушысы және қазақ көсемсөзін қоғамдық-саяси, әдеби-идеологиялық күрестің тиімді құралына айналдыра білген қаламгер болғандығы жан-жақты талданды;

5. Семейлік әдеби орта туғызған Алаш баспасөзі – Алаштың бостандық күресінің мұраттарын насихаттап, ағартушылық, саяси-идеялық ұстанымдарын халыққа жеткізген ұлттық тәуелсіздікті аңсаған арманының жаршысы болғандығына назар аударылды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі.

Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі мен әдеби-көсемсөздік мұрасы алғаш рет жүйелі түрде қарастырылып, тиісті бағасы берілді. Ғылыми нәтижелі тұжырымдар мен қорытынды пікірлерге сүйене отырып, өз жұмысымызда төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткіздік:

1. XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси, әдеби және рухани үрдістегі семейлік әдеби ортаның тарихи-әдеби негіздері қарастырылды;

2. Алаш арыстарының семейлік әдеби ортада бірігуінің қоғамдық, саяси, рухани, әдеби, мәдени себептері талданды;

3. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінің ерекшеліктері көрсетілді;

4. Халел Ғаббасұлының ғұмырнамасы, әсіресе Семей кезеңі барынша кең де тыңғылықты зерттеу нысанына алынды;

5. Алаш қозғалысындағы Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси қызметі нақты мұрағаттық деректер негізінде толықтырылып зерттелді;

6. Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздері, сонымен бірге XX ғасыр басындағы қазақ көсемсөзінің жанрлары ғылыми тұрғыда сипатталып, олардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері ашылып талданды;

7. Халел Ғаббасұлының қайраткерлік қызметі мен әдеби-көсемсөздік мұрасының халық тарихы мен ұлт әдебиетіндегі тағылымдық мән-манызы дәйектелді.

8. Халел Ғаббасұлының өмірбаянынан қазіргі отандық филологиялық және тарих ғылымдарында әлі тиісті талдау алмаған белгілі фактілері ғылыми айналымға енгізілді.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақалаларының, «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарын шешуді көздейді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі зерттеудің барлық кезеңдерінде, атап айтқанда, алғашқы библиографиялық материал жинау, оларды іріктеу және талдау, әдеби талдау мен теориялық сараптама жүргізуден, зерттеу тақырыбының нәтижелері бойынша жарияланымдар дайындаудан көрінеді.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері диссертация тақырыбына толық сәйкес келетін баспа жұмыстарында жарияланды: оның ішінде Scopus базасына кіретін 39% процентіліне жататын рецензияланатын ғылыми журналда 1 мақала, ҚР БҒМ-ның Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала, 1 монография, халықаралық ғылыми конференциялардың еңбектеріндегі 6 тезис пен ғылыми журналдарда 2 мақала жарияланды.